

Бекітемін: *Ақсап*

«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Менің Республикам, менің мақтанышым»
(Ересек, «Ер Тәстік» тобының тілдер мерекесіне арналған іс-шара)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б
Ходжа-Ахметова К.

Тақырыбы: «Менің Республикам, менің мақтанышым»

Мақсаты:

- Балалардың елін, жерін сүйуге, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу;
- Спортқа қызығушылығын арттыру;
- Денсаулықты нығайту, көңілді орта қалыптастыру.

🚩 Барысы:

1. Жүргізуші:

Арыстандай айбаттым.

Жолбарыстай қайраттым,

Аспандаған байрақтың

Қанша жұлдыз жайнаттың.

Қанша бұлбұл сайраттың,

Қазақстан ардақтым.

Күнді құшқан қос қыран,

Аясында қалқыған.

Аспан түсті туым бар,

Көк теңіздей шалқыған.

– Армысыздар, құрметті қонақтар, тәрбиешілер! 2022 жылдың маусым айында президент Қасым-Жомарт Тоқаев 25 қазан – Республика күнін қайтаруды ұсынды. Президент тапсырмасына сәйкес 25 қазан ұлттық мереке – Республика күні болып белгіленді. Міне, сол күннен бастап, мерекені ауқымды түрде өткізіп келеміз. Бүгінгі мерекеміз құтты болсын!

Ересек, «Ер Төстік» тобының «Менің-Республикам, менің мақтанышым» атты 25 қазан Республика күніне арналған музыкалық-спорттық шарамызды бастаймыз!

Әнұраным – жан ұраным,

Айтар әнім – сөйлер сөзім,

Туған жерім – сағынарым,

Мәңгі бақи шырқалады

Республика әнұраны.

Ендеше, шараға қатысушы ересектер, «Ер Төстік» тобын ортаға шақырамыз.

Әнұран Хор

Көк туым көтерілді бағым жанып,

Елтаңбам әлемге танылды анық.

Шырқадым ән ұранды бар дауыспен,

Арманым ата заңым қабылданып.- Бүгінгі Республика күнімен құттықтай отырып, жыр шумақтарын арнаймыз.

Тақпақтар:

Аянат:

Көкте күнім күлімде,
Атты күліп ғажап таң,
Тәуелсіз ел бүгінде.
Отанымыз Қазақстан.

Айханым:

Қазақстан мекенім
Өзіңді мақтан етемін.
Отқа түсіп, күйсемде
Отанды қорғап өтемін
Каусар:

Отаным-туған жерім,
Өзің деп тәрбиелемін
Қазақ боп туғаныма
Мақтанып мен келемін.

Алинұр: Қазақстан Отаным

Жарқыраған далам
Республика күнімен
Құттықтайды балаң.

Қарақат: Елім менің ардағым,
Тәуелсіздік тағдырым,
Республикам-мерейім,
Жүрегімде мәңгі әнім.

Н: Еркеназ: Көк туымыз желбіреп,
Ән айтамыз асқақтап,
Республикам қуанышым,
Жарқын болсын әр таңым.

Қасиет: Тәуелсіз ел тірегім
Ән шырқаймын жүрегім,
Республика күні бұл.
Бақ қонған тілегім.

Айлин: Алтын күндей нұр төккен
Қазақстан туған жер.
Республика күнімен
Ән саламыз барша ел.

Жүргізуші: Бүгінгі шарамыздың әділ бағасын беретін әділқазылармен таныс болыңыздар.

Әділқазыларды таныстыру

1. «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының директоры: Баянова Алмагүл Ерболатқызы
2. «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының әдіскері: Жақсылықова Айгүл Алиасқарқызы

Ортамызға спорттық сайысқа қатысушы топтарымызды шақырайық.

2. Топтарды таныстыру

- «Шаңырақ» тобы – ұраны: «Біз біргеміз, мықтымыз!»
- «Бәйтерек» тобы – ұраны: «Жеңіс бізге лайық!»

(Әр топ ұранын айтып, саппен тұрады.)

Дене шынықтыру жаттығулары

Музыкамен жеңіл қимылдар жасалады:

- Басымызды айналдырамыз,
- Қолымызды сермейміз,
- Жүгіріп, секіреміз!

Сайыс кезеңдері:

1-кезең: «Жалаушаны жеткіз!» д-о: «Көлеңкесін тап»

– Әр топтың балалары кезекпен жүгіреді, мәренің арғы бетіндегі суреттің көлеңкесін табады, жалаушаны келесі балаға береді.

2-кезең: «Қаппен жарыс»

– Балалар қапты киіп алып, кедергілер арасымен секіріп мәреге жеткізеді.

3-кезең: «Кедергілерден өт!»

– Тунел арқылы өтіп, мәренің арғы бетіндегі бөлінген бөліктердің суретін құрап мәреге жету.

4-кезең: «Бәйге»

– Секіргіш атпен кедергілер арасымен өтіп, секіріп, мәреге жету.

Әділқазыларымыздың шешімі дайын болғанша келесі кезекте биші қыздарға берейік. Ендеше, қарсы алыңыздар.

Би «Қазағым»

Желбірейді шарықтап
Қазақстан жалауы
Көкте қыран қалықтап
Қанат қағып барады.

Хор «Елім менің»

Жүргізуші:

– Бүгін бәрің өте жақсы өнерлерімен, сайыста шапшаңдықтарыңмен өздеріңнің тағы бір қырларыңды аштыңдар! Ендеше сөз кезегін әділқазыларға берейік.

5. Қорытындылау

Сендер нағыз спорт сүйгіш, елін сүйетін азаматсыңдар! Біздің Отанымыз – кең, байтақ Қазақстан!

Деніміз сау, күшіміз мықты болса – еліміз де қуатты!

Біздің жеңімпаз – ДОСТЫҚ! 🤝

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Қазақстаным өркендей берсін.

Барлық балаларға алғыс хаттар мен шағын сыйлықтар табысталады.

